

ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ
ТАМАҚҚА ҚОСЫЛАТЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПА

Драстоп Адванс

Қабықпен қапталған таблеткалар

Сипаттамасы: ашық сарыдан сары түске дейінгі, сопақша, екі беті дөңес, бір жағында бөлгіш сызығы бар, екінші жағы тегіс, қабықпен қапталған таблеткалар.

ҚҰРАМЫ

1 таблетка құрамында:

Белсенді заттар:

глюкозамин сульфаты (калий хлориді түріндегі глюкозамин сульфаты) – 500 мг,

хондроитин сульфаты (натрий хондроитин сульфаты түрінде) – 200 мг,

метилсульфонилметан – 200 мг,

аскорбин қышқылы – 50 мг,

босвеллия шайырының құрғақ сығындысы (*Boswellia serrata*) – 50 мг,

мысық тырнағы қабығының құрғақ сығындысы (*Uncaria tomentosa*) – 30 мг,

марганец (марганец глюконаты дигидраты түрінде) – 1,5 мг.

Қосымша заттар:

микрочисталды целлюлоза (толтырғыш),

натрий кроскармеллозасы (лубрикант),

повидон К25 (байланыстырғыш зат),

магний стеараты (толтырғыш).

Қабық құрамы:

Opadry II сары (гипромеллоза, полидекстроза, титан диоксиді, тальк, мальтодекстрин, орта тізбекті триглицеридтер, темір оксиді сары).

ТАМАҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(тәуліктік 2 таблетка үшін)

Компонент / Мөлшері / %

Аскорбин қышқылы – 100 мг – 167%

Марганец – 3 мг – 150%

Глюкозамин – 780 мг – 111%

Хондроитин сульфаты – 400 мг – 67%

ТАҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ (100 г):

майлар – 0,915 г,

көмірсулар – 82,012 г,

ақуыздар – 0 г,

энергетикалық құндылығы – 471,5 ккал / 2342 кДж.

ҚАСИЕТТЕРІ

Драстоп Адванс – шеміршек тінінің регенерациясын ынталандырады. Әсері құрамындағы компоненттердің қасиеттерімен анықталады.

Глюкозамин сульфаты – адам ағзасында табиғи кездесетін аминмоносахаридтің тұзы.

Хондроитин сульфаты – шеміршек тінінің құрылуына қатысатын жоғары молекулалы мукополисахарид.

Бұл компоненттер дәнекер тіннің биосинтезіне қатысып, шеміршек бұзылуын тежейді және оның қалпына келуін ынталандырады, ауырсынуды азайтып, буындардың қозғалысын жақсартады.

Аскорбин қышқылы коллаген синтезін арттырады, протеоглиқандар түзілуін күшейтеді және ауырсынуды азайтады.

Марганец энергия түзілуіне, ақуыз және май алмасуына, сүйек және дәнекер тін синтезіне қатысады.

Метилсульфонилметан (МСМ) – қабынуға қарсы әсері бар күкірттің табиғи органикалық қосылысы. Буындар мен байламдарды нығайтады, минералдардың сіңуіне ықпал етеді, аллергияға қарсы әсер береді.

Босвеллия сығындысы – қабынуға қарсы әсер көрсетеді, қан айналымын жақсартады, зақымданған тіндерді қалпына келтіреді.

Мысық тырнағы сығындысы – иммунитетті күшейтеді, қабынуға қарсы және антиоксиданттық әсер етеді.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Тамаққа биологиялық белсенді қоспа ретінде:
С дәрумені мен марганецтің қосымша көзі, глюкозамин мен хондроитин көзі.

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ ДОЗАСЫ

Ересектерге:
күніне 2 рет 1 таблеткадан.

Тамақпен бірге, жеткілікті мөлшерде сумен ішу керек.

Қабылдау ұзақтығы: 3–6 ай.
Қажет болған жағдайда қайталауға болады.
Қолданар алдында дәрігермен кеңесу ұсынылады.

ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕР

Жеке көтере алмаушылық,
жүктілік,
емізу кезеңі,
18 жасқа дейінгі балалар.

ДӘРІЛІК ЗАТТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Клиникалық маңызды өзара әрекеттесулер анықталмаған.

ШЫҒАРЫЛУ ТҮРІ

Қабықпен қапталған таблеткалар.
Блистерде 10 таблетка.
2 немесе 3 блистер нұсқаулықпен бірге картон қорапта.

САҚТАУ ШАРТТАРЫ

25°C-тан аспайтын температурада,
жарық пен ылғалдан қорғалған жерде сақтау.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау!

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ

3 жыл.
Мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

ЕСКЕРТУ

Тамаққа биологиялық белсенді қоспа.
Дәрілік зат емес.

ӨНДІРУШІ

WORLD MEDICINE EUROPA S.R.L.,
Румыния, Отопень, Эроилор көшесі 1В.

WORLD MEDICINE EUROPA EOOD үшін өндірілген,
София, Болгария.

ҚАЗАҚСТАНДА ШАҒЫМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ҰЙЫМ

ЖШС «РИН Фарм»
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сүйінбай даңғылы, 222Б
тел./факс: +7 (727) 252-90-90